

## Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери көмек туралы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 тамыз N 1234

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1999 жылдың 14 мамырындағы Алматы қаласында жасалған өтеусіз әскери көмек туралы Келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери көмек көрсету туралы Келісім

(1999 жылғы 24 тамызда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі өздерінің бұрындағы достық қарым-қатынастарын қуаттай отырып,

1994 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ғылым, техника және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы Шарт және 1996 жылғы 3 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Ұлттық қорғаныс министрлігі арасындағы әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандум ережелерін іске асыру маңыздылығын ескере отырып,

екі ел арасындағы әскери ынтымақтастықты нығайту мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалауды жүргізуге жағдай жасауға ниет білдіре отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

### I-бап

Түрік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне 700000 (жеті жүз мың) АҚШ доллары сомасында өтеусіз көмек көрсетеді. Осы көмекті беру 1999 жылдан басталатын болады.

## **II-бап**

700000 (жеті жүз мың) АҚШ доллары сомасындағы өтеусіз көмек Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасының ұлттық заңдарына сәйкес жабдықтар мен көрсетілетін қызметтер түрінде ұсынылатын болады.

## **III-бап**

700000 (жеті жүз мың) АҚШ доллары сомасындағы өтеусіз көмек осы Келісімге сәйкес Тараптардың ресми өкілдері қол қоятын Атқарушы хаттамаға сәйкес берілетін болады. Бұл хаттамаға 700000 (жеті жүз мың) АҚШ доллары сомасында Түрік Республикасы ұсынатын жабдықтар мен көрсетілетін қызметтер тізімі енгізілетін болады және ол осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі осы Келісімге қол қойылғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түрік Республикасының Бас штабына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттіліктерінің тізімін жібереді.

## **IV-бап**

Қазақстан Республикасы жабдықтар мен қызмет көрсетулерді немесе оларға деген құқықты басқа елге немесе үшінші тарапқа Түрік Республикасының алдын-ала рұқсаты негізінде беруге келісті.

## **V-бап**

О с ы К е л і с і м :

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасының Үкіметі оны мақұлдаған кезеңнен бастап;

Түрік Республикасы үшін - Түрік Республикасының Министрлер Кеңесі оны мақұлдаған кезеңнен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Түрік Республикасының Атқарушы хаттамада көрсетілген жабдықтар мен қызметтерді Қазақстан Республикасына беруі аяқталғанға дейін күшінде болады.

Осы Келісімді іске асыру барысында туындауы мүмкін барлық келіспеушіліктер өзара талқылаулар мен консультациялар жолымен шешілетін болады.

Өтеусіз әскери көмек көрсету жөніндегі Келісімді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы іске асыратын болады.

Осы Келісім қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісім ережелерін түсіндіруге қатысты пікір алшақтығы туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Осы Келісім 1999 жылғы 14 мамыр Алматыда, Қазақстанда жасалды.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі

Үкіметі үшін

басқармасының бастығы

Түрік Республикасының

Түрік Республикасы Бас штабы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК